

Н.Н. Ақпанбет¹, А. Ташағыл²¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана;²Мимар Синан университеті, Стамбул, Түркия
(E-mail: n.19-79@mail.ru)**Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің 25 жылдағы белестері**

Биыл өзінің ширек ғасырлық табысты белесін атап отырған тәуелсіз Қазақстанның жас мемлекетінің қалыптасу, өсіп, өркендеу жолындағы қарышты қадамы, ауқымды істері, толымды табыстары қоғамдық-саяси ортаны да, ғылыми ортаны да қызықтыруда. Мақалада қазақ мемлекетінің 25 жылдық белестеріне шолу жасалып, жеткен жетістіктері айтылған. 25 жылдық тарихи кезеңде жас қазақ мемлекеті өзінің мемлекеттік шекарасын бекемдеді, көрші елдермен оны ратификациялау өзара түсіністік негізінде жүргізілді. Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінен бастап-ақ Қазақстан өзінің жаңа, демократиялық принциптерге негізделген мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастырды. Осы жылдары еліміздің құқықтық іргетасын нығайтқан екі бірдей Конституция қабылданды. Социалистік тоталитарлық экономикадан бас тартқан тәуелсіз Қазақстан нарықтық экономикаға көшудің алғашқы қиындығын жеңе отырып, әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына ену туралы стратегиялық жоспарды табысты жүзеге асыруда.

Кілт сөздер: тәуелсіз Қазақстан, мемлекеттік саясат, «Мәңгілік Ел» идеясы, ұлт тарихы.

2016 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы тойланбақ. Бұл мемлекетіміз бен халқымыз үшін ең басты әрі құнды мереке болмақ. Тәуелсіз еліміз ширек ғасырға жуық уақыт ішінде қаржы дағдарыстарының қиындықтарына қарсы тұра білді, тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды, толағай жетістіктерге қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Мемлекет басшысының елді дамытудағы стратегиялық бағдарламалары мерзімінен бұрын жүзеге асып келеді. Осы кезең ішінде не тындырдық? 25 жылда жеткен жетістіктеріміз қандай? Биыл осы сұрақтарға жауап беретін, өткен жылдарға қорытынды жасап, Мәңгілік Ел болуға бекінген мемлекетіміздің бүгінгі мен келешегі туралы ой толғайтын еліміздің есепті жылы десек, қателеспейміз.

Осы орайда, 2015 жылғы 30 қарашадағы халыққа арнаған Жолдауында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіз мемлекет атанғанымыздың 25 жылдығына аяқ басқалы тұрғанымызды айта келіп: «Бұл — тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәт. Тәуелсіздікті баянды ету оған қолжеткізуден де қиын. Мемлекеттігіміздің тұғырын мызғымастай нығайта түсу үшін бізге әлі талай өткелі күрделі, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келеді», — деп алдағы кезеңде кездесетін сын-қатерлерден мүдірмей өтуге шақырды.

Тәуелсіздіктің алғашқы нышаны 1920–1950 жылдарда қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз атылып кеткен қайраткерлерді ақтаудан басталды. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, М.Тынышпаев сынды көптеген Алаш қайраткерлері мен ғылыми-шығармашылық зиялы қауым өкілдерін ақтауға және олардың мұраларын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берілді. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстан Жоғары Кеңесі «Қазақ КСР-ның Мемлекеттік егемендігі туралы декларация» қабылданды. Бұл тарихи құжат еліміздің тәуелсіздігіне жасалған маңызды қадам болды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланды [1; 133].

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының алдында үлкен міндеттер қойылды. Олар — елдің ішкі жағдайында Егемен Қазақстан мемлекетінің тұтастығын нығайтып, нарықтық экономикаға көшу, елдің ішінде көпұлтты халықтардың бірлігін сақтауға барлық мүмкіндіктерді пайдалану. Қазақстанның бейбітсүйгіштік саясаты тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінен-ақ байқалды.

Қазақстанның ядролық қаруды таратпаудың алғашқы қадамы 1991 жылы Семей ядролық сынақ полигонын жабудан басталды. Семей полигонын толығымен құрту үшін Қазақстан мемлекетінің ядролық қару орталығы Америка Құрама Штаты үкіметімен 5 жыл жұмыс істеді. АҚШ үкіметі Семей полигонын жарып құртуға 172 млн долл. беріп көмектесті. 1995 жылы Қазақстан шын мәнісіндегі ядролық қарусыз мемлекетке айналды [2; 337].

Мемлекеттік рәміздер — бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба және Мемлекеттік Әнұран мемлекеттік рәміздер болып табылады.

Н.Назарбаев 1992 жылы 4 маусымда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы туралы», «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы туралы» және «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының музыкалық редакциясы туралы» Заңдарға қол қойды.

1993 жылдың 13 қаңтарында Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік шекара туралы» Заң қабылдады. Бүгінгі таңда Қырғызстан, Түркіменстан, Өзбекстан Республикалармен шекараны межелеу мәселесі толығымен реттелді. Шекараның ұзындығы Қырғызстанмен шамамен 1242 шақырым, Түркіменстанмен — 426 шақырым, Өзбекстанмен 2351 шақырымды құрайды [2; 160].

1992 жылдың басында Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жаңа Конституцияның жобасын әзірлеу үшін «Конституциялық комиссия құру туралы» Қаулы қабылдады.

Конституция мазмұны «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Заңның ережелері мен ұстанымдарына сәйкес айқындалды. Ол 4 бөлім және 21 тараудан тұрды. Қазақстанның толыққанды мемлекеттік тәуелсіздігін конституциялық-құқықтық тұрғыдан рәсімдеу 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының алғашқы Конституцияның қабылдануымен жүзеге асты.

Бірақ іс жүзінде 1993 жылғы қабылданған Конституцияның Қазақстандағы шынайы әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістерден алғашқы мемлекет тұрғындарының тіл мәселесі, меншік нысандары, жерге, азаматтыққа, мемлекеттік сипатына қатысты сәйкессіздіктерін туындатты. Негізгі Заңда атқарушы және заң шығарушы биліктердің арасындағы келіспеушіліктерді шешетін тетіктер болмады. Әсіресе мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы қайшылық күшейе түсті. Осы себептерге байланысты 1993 жылғы Конституцияны қайта қарау және жаңа Конституцияның қажеттілігі туралы пікір туындады. 1993 жылғы Конституцияда жазылған құқықтық мемлекетті құруға бағытталған әрекеттерді жүзеге асыру мақсатында 1994 жылы елімізде құқықтық реформалардың бағдарламасы қабылданды [2; 131].

Жаңа Конституция қоғам мен мемлекеттің қайшылықсыз дамуын, елдің азаматтарының ұлтына карамастан, ертеңгі күнге деген сенімділігін орнықтыруды, қазақстандық патриотизмді нығайтып, заңды орындау және сайлау мәдениетін негіздеуі керек болды.

1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан халқының жаңа Конституциясы қабылданды. Жаңа Конституция негізінде құқықтық мемлекетке бастау болған демократиялық дамуды бекіткен конституциялық заңдар қабылданды. Мемлекеттік-құқықтық жүйені түбегейлі өзгерткен реформалар жүргізіліп, қазіргі мемлекетті басқару жүйесі қалыптасты [3; 49].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары білім саласында жан ауыртар жайсыз жағдайлар орын алды. 1997 жылы республикада 229 шағын комплектілі мектептер жабылды. Осындай дағдарысты жағдайға карамастан, Қазақстан Республикасы білім саласына үлкен маңыз берді. Себебі елдің өсіп-өркендеуі, өркениетті өмірден өзіндік орын алуы оның ұлттық білім деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты.

Білім реформасы 1991 жылдан бері бірнеше кезеңде жүріп жатыр. Атап айтқанда:

– реформаның бірінші кезеңі 1991–1993 жылдарды қамтыды. Тәуелсіз Қазақстанның білім жүйесінің құқықтық негізін қалыптастыру, оны заңдық тұрғыда қамтамасыз ету мақсатында 1992 жылы «Білім туралы», 1993 жылы «Жоғары білім туралы» Заңдар қабылданды;

– 1993–1996 жылдарды қамтыған екінші кезең, білім жүйесінің тұжырымдамалық-бағдарламалық тұрғыдағы жаңару кезеңі. Білім берудің әр саласын қамтыған 18 тұжырымдама жасалды. Білім саласындағы мемлекеттік саясат Концепциясы, Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық білім Концепциясы бекітілді. 1993 жылдың 11 қарашасында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы белгіленген. 1994 жылы алғаш рет 187 қазақстандық студент АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция елдерінің жоғарғы оқу орындарына барып білім алды;

– 1996–1997 жылдарды қамтыған үшінші кезеңде басқару мен қаржыландыру жүйесі жетілдірілді. Оқу орындарын ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етіп, жаңа оқулықтар, оқу әдебиеттерін дайындаумен айналысатын Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы ұйымдастырылды;

– 1998–2000 жылдарды қамтыған төртінші кезең — білім жүйесін тұрақтандыру және оның дамуының стратегиялық бағдарлану кезеңі.

Білім берудің бүкіл жүйесін одан әрі ақпараттандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі «Қазақстан Республикасының бастауыш және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарын ақпараттандыру бағдарламасын» бекітіп, «2002–2004 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру тұжырымдамасын» мақұлдады.

Қазір Қазақстандағы мектептердің 3716-сы, немесе 45,2 %, ұлттық мектептер. 2073-і қазақ және орыс тілдерінде білім беретін аралас мектептер. Біздіңше, бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Бір ғана «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында ұлттық мектепке, ондағы білім мазмұны мен сапасына айтарлықтай маңыз берілуде [2; 257].

2009 жылы, Әлемдік дағдарыс жағдайына қарамастан, Қазақстан жан-жақты даму саясаты бойынша алға басты. Республикада ислам банкинг жүйесін енгізуге бағытталған заң жобалары қабылданып, тиімді қаржы құралдарын қолдануға шарттар жасалынды. Қазақстан екі онжылдық бойы халықаралық аренада сенімге тұрарлық мемлекет құрып келе жатқандығымен сипатталды. Мемлекет соңғы бірнеше онжылдықтар ішіндегі ең күрделі әлемдік дағдарыстың экономикаға кері жерін тигізіп отырған қиын жағдайында батыл шараларды қолға алып, іске асырды. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы нысандарын, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды жаңғырту, жұмыссыздықпен күрес және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі жұмыстарды күшейту, жұмыс берушілермен жасасқан үшжақты меморандумдар мен келісімдердің орындалуына үнемі мониторинг жүргізіліп отырды. Шағын және орта бизнесті қолдаудың маңыздылығына көңіл бөлінуі күшейе бастады. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін нығайту және барлау қызметін одан әрі жетілдіру бойынша бірқатар іс-шаралар атқарылды. Денсаулық сақтау саласындағы заңнаманы жүйелендіруге, оны халықаралық норма мен стандарттарға үйлестіруге, ұлттың медициналық мәртебесін, азаматтарға сапалы медициналық көмек және медициналық қызмет көрсету деңгейін арттыру мақсатында бағытты саясат атқарылды. Мемлекеттік деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жетілдіруге, оның пайда болуына байланысты жауапкершілікті күшейту және алдын алу шаралары маңызды мәселелердің бірі болып табылды [4; 205].

2014 жылы Астана күні қарсаңында Елордада жаңадан салынған Ұлттық музей ашылды. Салтанатты ашылу рәсіміне қатысқан Н.Назарбаев: «Бұл — заманауи сәулеттің үздік туындысы, ол қалалық ландшафтты өзінің бірегейлігімен толтырады», — деп атап өтті.

Елбасы Астана қаласының белсенділерімен кездесу кезінде 2015 жылы қазақ мемлекеттілігінің 550 жылдығы атап өтілетіні жайлы мәлімдеді. Президент Н.Назарбаев: «Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрып, қазақ мемлекеттілігінің негізін салды. Бәлкім, ол бүгінгі түсініктегі мемлекет болмаған шығар, бірақ ешқандай мемлекет дәл бүгінгі күйінде құрылмады. Басты нәрсе, сол кезде негіз қаланды және біз ата-бабамыздың салған ізінің жалғастырушысымыз», — деп атап өтті.

2014 жылдың ең негізгі саяси оқиғасы атанған «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты Жолдауында Президент әлем дағдарыс салдарынан жаһандық сынақ уақыты болатынын атап өтіп, осындай қиын кезеңнен тиімді шығудың тетіктерін жариялады. Нақтырақ айтқанда, тәуелсіз тарихымызда екінші рет Ұлттық қор қаражаты ел мүддесі үшін жаратылатын болып шешілді. Осы жылдары Қазақстан Республикасында дербес сыртқы дипломатиялық саясат қалыптасты.

Тәуелсіздік алғаннан кейін БҰҰ-ға кіру мәселесі тұрды. Қабылдау өтінішті Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев 1991 жылы 31 желтоқсанда жолдады. БҰҰ Бас Ассамблеясы 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Республикасын БҰҰ-ға мүшелікке қабылдау қаулысын жариялады. Еліміз 1997 жылы Еуропалық кеңестің кеңесі болып қайта құрылған ірі халықаралық ұйым саналатын Солтүстік Атлантикалық ынтымақтастық кеңесіне 1992 жылдан мүше болды.

1992 жылы қыркүйекте АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігі ашылды. Президент Н.Ә.Назарбаевтың 1994 жылы ақпанда АҚШ-қа ресми сапары, екі мемлекет басшылары барлық бағыт бойынша Қазақстан мен АҚШ-тың әріптестік қарым-қатынасын дамытуға бағытталған негізгі құжат «Демократиялық әріптестік туралы хартияға» қол қойды. 2007 жылдан бастап мемлекеттік жекеменшік әріптестігі бойынша қазақстан-американдық бағдарлама іске қосылды [5; 192, 193].

1993 жылы ақпанның басында Мемлекет басшысының Брюссельге ресми сапары болды. Еурокомиссия Төрағасы Жак Делормен кездесуден кейін өкілдік ашу туралы келісімге қол қойылды. 1993 жылы желтоқсанда Брюссельде Қазақстан Республикасының өкілдігі, ал 1994 жылы қарашада Алматыда Еуропалық комиссияның өкілдігі ашылды. 1994 жылы мамырда (Еуропалық одаққа жаңа 10 мүше-мемлекеттің кіргенін ескеріп) Еуропалық одақпен Әріптестік және ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қойылды. 2005 жылы маусымда Қазақстан Республикасының Президенті хаттаманы

бекіту туралы Заңға қол қойды. Қазақстан ЕО-ның Орталық Азиядағы ірі сауда және инвестициялық әріптесі болды. 2007 жылы шілдеде ЕО өкілдігі Астанаға көшті.

1994 жылы Қазақстан мен Түркия арасында Достық және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Қазақстан мен Түркия арасындағы өзара қарым-қатынастың тереңдеуіне Президент Абдулла Гүлдің 2010 жылы мамырдағы Астанаға сапарының үлкен маңызы болды. Кездесу барысында екі жақты саяси, экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықтың басымдықтарын анықтады.

Азия бағытында Қазақстан Монғолия, Корея Республикасы, Жапония, Катар, Үндістан, Оңтүстік Африка Республикасы, Сингапур, Пәкістан, Малайзия, Иран, Бахрейн, Израиль, Оман сұлтандығы, Кувейт, Сауд Арабиясы, Палестина, Біріккен Араб Әмірлігі, Ауғанстан, Египет, Иордания, Марокко, Сирия, Ливиямен екіжақты саяси, экономикалық, мәдени ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды [5; 195–198].

2000 жылы 10 қазанда Астана қаласында халықаралық экономикалық ұйым ретінде Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің басшылары қол қойған ЕурАзЭҚ құру туралы шартқа сәйкес құрылды.

Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру мақсаты — мүше-мемлекеттердің экономикалық даму деңгейін көтеру, кедендік құқықтардың бұзылуына жол бермеу, біртұтас көлік жүйесін қалыптастыру, орталық энергетикалық нарық қалыптастыру, өндірісті және кәсіпкерлікті дамыту, ғылым мен техника саласында бірлескен зерттеулер жүргізу, білім, мәдениет саласында өзара байланысқа ықпал ету [5; 206].

2001 жылы Қытай, Ресей, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан басшылары негізін қалаған халықаралық аймақтық ұйым Шанхай ынтымақтастық ұйымына кіретін елдердің жалпы аумағы 30 млн шаршы шақырымды құрайды, яғни Еуразия территориясының 60 %-ы. Ұйымның басты мақсаттары — мүше-мемлекеттерді біріктіретін кең кеңістікте тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту, лаңкестік, сепаратизм, экстремизм, есірткі саудасымен күрес, экономикалық ынтымақтастық, энергетикалық әріптестік, ғылыми және мәдени өзара әрекеттестікті дамыту [5; 216].

2005 жылы қаңтарда Ресей мен Қазақстан арасындағы 7591 шақырымды қамтитын мемлекеттік шекара белгіленген тарихи маңызды құжатқа қол қойылды. 2006 жылы екі ел басшыларының кездесулері нәтижесінде 20-дан астам келісімдерге қол қойылды.

Қазақстан тарихындағы маңызды белестің бірі елдің 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төраға болды. Бұл ұйым Солтүстік Америка, Еуропа және Орталық Азияның 56 мемлекетін біріктіреді.

Төрағалықтың басты нәтижелі түйіні — ЕҚЫҰ-ның онжылдық үзілістен кейінгі 2010 жылғы 1–2 желтоқсанда өткен Астана Саммиті. Оған дейінгі жоғары деңгейдегі басқосу 1999 жылы Стамбулда өткен болатын.

Саммитке ЕҚЫҰ-ға мүше 38 мемлекет және үкімет басшысы, жоғары лауазымды шенеуніктер, сонымен қатар басқа да халықаралық және өңірлік ұйымдардың өкілдері қатысты. Олардың қатарында ЕҚЫҰ Бас Хатшысы Марк Перрен де Бришамбо, БҰҰ Бас Хатшысы Пан Ги Мун, Ресей Федерациясының Президенті Дмитрий Медведев, АҚШ Мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтон, Германия Федералдық Канцлері Ангела Меркель, Италия Премьер-министрі Сильвио Берлускони, тағы басқалар бар. Астана саммиті ЕҚЫҰ-ға мүше-мемлекеттер басшыларының халықаралық саясатта алдын ала байқалған поляризация нышандарын еңсерудегі және Ұйымға қатысушы-елдерінің өзара алыстау бағытына қатысты саяси жігерінің айқын көрінісі болды. Еуроатлантикалық және Еуразиялық кеңістіктердегі тұрақты қауіпсіздік мәселелері, Ауғанстан түйткілі, «тоңы жібімей келе жатқан» қақтығыстарды шешу жайы саммиттің негізгі тақырыптары ретінде талқыланды.

Форумға қатысушылар алдында сөйлеген Қазақстан Президенті Нұрсұлтан қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаңа парадигмасына көшу, яғни, ынтымақтастықтың төрт мұхит шекарасындағы — Атлант мұхитынан Тынық мұхитқа және Солтүстік Мұзды мұхитынан Үнді мұхитына дейінгі біртұтас кеңістіктің қалыптастыру қажеттігі жөнінде мәлімдеді.

Кездесу соңында аса жоғары деңгейде Астана декларациясы қабылданды. Онда Саммитке қатысушылар ЕҚЫҰ-ның Хельсинки актісінде және Жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясында, Ұйымның өзге де құжаттарында бекітілген міндеттемелерін, қағидаттары мен құндылықтарын қуаттады. Сонымен қатар қатысушы-елдер өкілдері ЕҚЫҰ-ның барлық үш өлшемі бойынша жұмысты жалғастыруға, ұйымның жауапкершілігі аймағында орын алып отырған қақтығыстарды реттеуде күш-жігерді арттыруға, адам құқықтарын қорғауға, заңның үстемдігін қамтамасыз етуге,

жаңа қатерлерге лайықты түрде қарсы тұру мүддесі жолында Ұйым жұмысын жаңаша жолға қоюға міндеттенді.

Астанадағы саммит делегациялар басшылары тарапынан жоғары бағаға ие болды. Мәселен, Ұйымның Бас Хатшысы Марк Перрен де Бришамбо Қазақстан Елордасында қабылданған шешімдер ортақ қауіп-қатерлерге қарсы тұрудың біртұтас стратегиясын жасауға ықпал ететінін атап өтті. БҰҰ Бас Хатшысы Пан Ги Мун ЕҚЫҰ-дағы Қазақстан төрағалығының мейлінше табысты болғанын атады. Ал АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтон ЕҚЫҰ саммиті Қазақстанның халықаралық қоғамдастықта үлкен рөл атқаратынының дәлелі екенін атап айтты [6; 281, 282]. ЕҚЫҰ-ның Астанадағы саммиті «еуропалық ортақ үй» салуға қайтадан кірісуге нақты мүмкіндік берді. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Астана рухы» айрықша белгісіне айналған екікүндік саммитті «бүкіл ЕҚЫҰ қоғамдастығы үшін тарихи оқиға» ретінде сипаттап берді.

ЭКСПО–2017-ге дайындық барысында Астана болашақтың энергиясы мен жасыл экономиканы іздеу мен құру жөніндегі озық әлемдік тәжірибені зерттейтін және енгізетін орталыққа айналады. Қазақстанның ЭКСПО-мен бірлескен тарихы 2005 жылдан басталады. Қазақстанға көрмеге тіркелу ісін жемісті қорғағаны және өзіне осынша жоғары міндеттемелер қабылдауының куәлігі ретінде ЭКСПО туы тапсырылды [7; 273].

Қорыта айтсақ, қазіргі Қазақстан өзінің тарихи жерінде жаңа үлгідегі қазақ мемлекеттілігін жаңғыртып, жаһандық әлемде толыққанды мемлекет ретінде өмір сүруге қажетті барлық құрылымдар мен мүмкіндіктерді иеленген, сапалы жас мемлекетін қалыптастырды. Осы себептен аз ғана жылдар ішінде толағай табыстарға жетіп, төрткүл дүниеге танымал болған еліміздің тарихын тереңнен зерделеу қажеттігі де артып тұр.

Жиырма бес жылдың ішінде біздің мемлекетімізде күрделі өзгерістер болды. Қазақ мемлекеті жүздеген жылдарға созылған отаршылдық құрсауынан арылып, тәуелсіздіктің арқасында қайта жаңғырды. Жаңа құндылықтар жүйесіне көштік. Қазақстан Республикасының тәуелсіз даму кезеңі қазақстандық қоғамның тағдырын анықтады деп де айтуымызға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан тәуелсіздігінің қалыптасу тарихы / А.С. Сағынғали, Б.М. Каипованың ред. — Астана, 2008. — 133-б.
- 2 Аяган Б.Ф., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. — Алматы: Раритет, 2010. — 337 б.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. — Астана, 2006. — 49 б.
- 4 Қазіргі Қазақстан тарихы: хрестоматия / Құраст. Т.С. Қаленова, А.Т. Серубаева, Ж.С. Абдраманов; Б.Ф. Аяғанның ред. — Алматы: Раритет, 2010. — 205 б.
- 5 Қазақстанның жаңа тарихы: дағдарыстан шығу. — II-т. / Т.ғ.д., проф. Б.Ф. Аяғанның ред. — Алматы, 2012. — 216-б.
- 6 Қазақстан халқы Ассамблеясы: жиырма жылдық тарих. — Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. — 282 б.
- 7 Сыздықов С., Қанаев С. Мәңгілік Ел идеясы. — Астана: Фолиант, 2013. — 273 б.

Н.Н. Ақпанбет, А. Ташағыл

Достижения Республики Казахстан за 25 лет независимости

Показан четвертьвековой путь формирования, поступательного развития и расцвета независимого Казахстана, грандиозные успехи которого вызывают как общественно-политический, так и научный интерес. Рассмотрены достижения Казахского государства за 25-летний период, укрепившего свои границы, ратифицировавшего договоры на основе взаимопонимания с соседними государствами. Начиная с первого этапа независимости Казахстан сформировал новую систему государственного управления, основанную на демократических принципах. Были приняты две Конституции страны, которые укрепили правовой фундамент государства. Определено, что, отказавшись от социалистической экономики, независимый Казахстан, преодолев трудности перехода к рыночной экономике, успешно реализует стратегический план вхождения в число конкурентоспособных на мировой арене стран.

N.N. Akpanbet, A. Tashagyl

Achievements of Independent Kazakhstan in 25 years

The Independent Kazakhstan, which is celebrating 25 years of success this year, causes a great interest among social-political and scientific surroundings by its formation of the young country, the growth, creation on the path of prosperity and large-scale affairs. This article gives information about all accomplishments and difficulties in 25 years of Independence. During 25 years of historical period young Kazakh country strengthened the state border and led the idea of ratifying with neighbor countries based on mutual understanding. From the beginning of independence Kazakhstan formed governance system based on new and democratic principles. Throughout this period there were adopted two Constitutions which has strengthened the legal foundation of country. Kazakhstan, which abandoned socialist totalitarian economy, overcame the difficulties of transition to a market economy and is realizing strategic plan to be among the competitive countries in the world.

References

- 1 *The history of formation of Kazakhstan's independence*, edit. A.S. Sagyngali, B.M. Kayipova, Astana, 2008, 133 p.
- 2 Ayagan B.G., Abzhanov Kh.M., Makhat D.A. *The history of present Kazakhtan*, Almaty: Raritet, 2010, 337 p.
- 3 Nazarbayev N.A. *The way of Kazakhstan*, Astana, 2006, 49 p.
- 4 *The history of present Kazakhstan: chrestomathy* / T.S. Kalenova, A.T. Serubayeva, Zh.S. Abdramanov; edit. B.G. Ayagan, Almaty: Raritet, 2010, 205 p.
- 5 *A new history of Kazakhstan: out of the crisis*, II, edit. prof. B.G. Ayagan, Almaty, 2012, 216 p.
- 6 *Assembly of People of Kazakhstan: 20 years history*, Almaty: KAZakparat, 2015, 282 p.
- 7 Syzdykov S., Kanayev S. *The idea of eternal nation*, Astana: Foliant, 2013, 273 p.